


# Синтаксистік тұтастық белгісі

Орындаған: Турабекова Париза

Синтаксистің негізгі зерттеу объектілерінің бірі – сөйлем. **Сөйлем** – пікір алысуды, қарым-қатынас жасауды қамтамасыз ететін тілдік материалдың тұтас бөлшегі. Біздің өзгеге айтатын ойымыз мақсаты. Кейде біреуге естіген білгенімізді жеткізуді мақсат етсек, енді біреуден бір нәрсені сұрап білуді мақсат етеміз. Осындай мақсаттарымызды сөйлем құрай арқылы жеткіземіз. Сөздер сөйлем құрамына ену үшін өзара мағыналық синтаксистік байланысқа түсіп, өзара тіркесіп айтылады. Сөздердің осылай тіркесуінен сөз тіркесі, сөз тіркесінен сөйлем жасалады. Сөз де сөз тіркесі де сөйлем құраудың материалдары.



Сөйлем кейде бір сөзден де көп сөзден де жасалады. Сөз тіркесіненде жасалады. Түн. Айнала жым-жырт.


Сөз айналадағы объективті шындықтың адам сезіміндегі сәулесі ретінде жеке-жеке ұғымды білдірсе, сөз тіркесі олардың грамматикалық қарым-қатынасын білдіреді. Ал сөйлем сол жеке ұғымдарды байымдаудың (суждение) хабарлауды сұрауды білдіреді. Бірақ жеке сөйлем арқылы жеткізетін ойымыз аяқтала қоймайды. Оны аяқталған ойды білдіруін маңындағы сөйлемдер арқылы білеміз.





Сөйлем бір сөзден не өзара байланысты бірнеше сөзден құралса да ол дауыс ырғағы жағынан тұтастанып, басқа сөйлемдерден пауза арқылы ажыратылады. Сөйлемді сөз тіркесінен мынандай ерекшелігі арқылы ажыратамыз:

1. Сөйлем бір шама тиянақты ойды білдіреді.
2. Өзара байланысқан сөздерден, не сөз тіркесінен жасалады.
3. бастауыш пен баяндауыштың байланысынан туған предикаттық қатынасты білдіреді. Айтылу интонациясы болады.



## 1-тапсырма

тест

26. Сөйлемдегі ойға, оның айтылу тәсіліне айтушының көзқарасын білдіретін сөзді тап.

А) Қыстырма сөз. В) Төлеу сөз. С) Одағай сөз. Д) Қаратпа сөз. Е) Төл сөз.

27. Сұраулық шылау арқылы жасалған сұраулы сөйлемді тап.

А) Күн бұлттанып тұр (ма). В) Ғылым таппай мақтан (ба).

С) Әй, сен көп асқақта (ма). Д) Сен одан қорық (па).

Е) Жабырқа (ма), сабыр ет.

28. Барыс септіктегі сөздермен тіркесетін шылауларды тап.

А) Қатар, бірге, қабат. В) Ма, ме, ба, бе. С) Кейін, соң, гөрі, әрі, бері.

Д) Жайында, жөнінде, үшін, сайын. Е) Дейін, шейін, таман, қарай.

29. Екінші жақтың көпше түрінде тұрған етістікті тап.

А) Жатырмыз. В) Жатырсындар. С) Жатырсың.

Д) Жатырсыз. Е) Жатырмын.

30. Көңіл-күй одағайын тап.

А) Арман. В) Айт. С) Моh-моh. Д) Сөйтіп. Е) Алақай.



31. Етістің қай түрі сабақтыны салтқа айналдыратынын белгіле.

- А) Ырықсыз. В) Ортақ С) Дара, күрделі.  
Д) Салт, сабақтыЕ) Болымды, болымсыз

32. Есімшенің болымсыз түрін көрсет.

- А) Тоқы. В) Алған жоқ. С) Барар еді. Д) Келетін-ді. Е) Ойлы.

33. Тәуелдік жалғаудың II жағында жекеше тұрған сөзді тап.

- А) Жолдасым. В) Қағазың. С) Көшесі. Д) Мектептеріңіз. Е) Қалада.

34. Бірігіп жазылуы дәстүрге айналған сын есімдерді көрсет.


- А) Ертеңгілік, жөн-жосық. В) Ұзынды-қысқалы, ұрда-жық.. С) Ақмола, некен-саяқ.  
Д) Дүниежүзілік, бүкілхалықтық. Е) Жезқазған, Қорамсаұлы.

35. Айқындайтын мүшесі қосалқы атау болатын сөз атауын тап.

- А) жалпылауыш сөз В) айқындауыш С) қосарлы айқындауыш  
Д) оңашаланған айқындауыш Е) анықтауыш

36. Күшейткіш үстеумен тіркесіп тұрған сөзді көрсет.

- А) Тіпті ұзақ емес. В) Соншалық ұзақ. С) Ұзақтан келді.  
Д) Әдейі келді. Е) Онша ұзақ емес.





37. Жұрнақты сөзді көрсет.

А) Суында. В) Суға. С) Сумен. Д) Суды. Е) Сусын.

38. Антоним қай сөз табынан жасалған, дұрысын көрсет.

Өмірде қуаныш пен реніш қатар жүреді.

А) Етістік. В) Сын есім. С) Үстеу. Д) Есімдік. Е) Зат есім.

39. Сұраулық мағынаны туғызушы сөз табын тап.

Сенің ойың орындалатын шығар?

А) Етіс. В) Көмекші етістік. С) Көсемше. Д) Есімдік. Е) Зат есім, етістік.

40. Қазақ тілінде үстеу құрамына қарай нешеге бөлінетінін көрсет.

А) 7 В) 5 С) 3 Д) 6 Е) 2

41. Септеулік шылау арқылы байланысқан сөздерді көрсет.

А) Болмаған соң жетті. В) Табиғаттану сабағы. С) Бұл – Назым.

Д) Қараңғы түн. Е) Допты алды.

42. Жіктік жалғауының І жағының қосымшасын көрсет.

А) –пыз, -піз. В) –сың, -сің. С) –ды, -ді. Д) –ып, -іп. Е) –ған, -ген.

43. «Туынды сөз» тіл білімінің қай саласына жатады.

А) Пунктуация. В) Лексика. С) Фонетика. Д) Морфология. Е) Синтаксис.

44. Қатыстық сын есімді тап.

А) Жақсы. В) Қап-қара. С) Әдемілеу. Д) Жаманырақ. Е) Ашушаң.

45. Райдың қанша түрі бар екенін тап.

А) 4 В) 3 С) 2 Д) 6 Е) 5



26. Көптік жалғауының дұрыс жалғанбағанын көрсетіңіз.

- A) Балалар.
- B) Құрылысшылар.
- C) Газеттер.
- D) Кітаптар.
- E) Ұндар.

27. Түбір тұлғасы өзгеріске ұшырап біріккен сөзді табыңыз.

- A) Алатау.
- B) Әкел.
- C) Мұратәлі.
- D) Кейбір.
- E) Ешқашан.

28. Тұрақты сөз тіркесін табыңыз.

- A) Тас жүрек.
- B) Ашық күн.
- C) Жұлып тастады.
- D) Бас сүйек.
- E) Қара торы.

29. Жай сөйлемдер арасына тыныс белгісін қойыңыз.

Күн бесіндіге келген кезде Көркемтайдың аулы астаң-кестең болды кемсеңдеп кемпір-шал жылады, қанын тартып сұрланып жастар тұрды.

- A) Үтір, сызықша.
- B) Қос нүкте.
- C) Үтір.
- D) Сызықша.
- E) Нүктелі үтір.

30. Тыныс белгісі дұрыс қойылған қыстырма сөзді сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Бұл даусыз; бірақ осы қағиданың өңін айналдырмау керек.
- B) Бұл даусыз – бірақ, осы қағиданың өңін айналдырмау керек.
- C) Бұл даусыз, бірақ осы қағиданың өңін айналдырмау керек.
- D) Бұл даусыз – бірақ - осы қағиданың өңін айналдырмау керек.
- E) Бұл даусыз, бірақ, осы қағиданың өңін айналдырмау керек.